

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АӨДІЛЕТ МІНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
**ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ АӨДІЛЕТ
БАСҚАРМАСЫ**
ЗАҢДЫ ҰЙЫМ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУДЕН
2018 ж. «12» 10
№ 995 - 1926 - 01-МҚуәлік

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АӨДІЛЕТ МІНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
**ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ АӨДІЛЕТ
БАСҚАРМАСЫ**
030540000420

Батыс Қазақстан облысының
денсаулық сақтау басқармасының
2018 жылғы «17» қыркүйекте
№ 1254-к бұйрығымен бекітілген



1. Жалпы ережелер

1.1 Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық патологиялық-анатомиялық бюро» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы ұйымдастырушылық -құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

1.2 Кәсіпорын Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 маусымдағы №158 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық патологиялық-анатомиялық бюро" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" қаулысына сәйкес қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылды.

1.3 Кәсіпорынның құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі болып табылады (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган).

1.4 Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

1.5 Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекеме (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып табылады.

1.6 Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық патологиялық-анатомиялық бюро» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

орыс тілінде: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областное патологоанатомическое бюро» Управления здравоохранения акимата Западно-Казахстанской области.

1.7 Кәсіпорынның орналасқан жері: 090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., Мұхит көш., құрылыс 1А.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

2.1 Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес тенгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

2.2 Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

2.3 Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

2.4 Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1 Кәсіпорын қызметінің мәні медициналық қызметпен айналысуға берілген лицензия негізінде Батыс Қазақстан облысы аумағында медициналық қызмет көрсету болып табылады.

3.2 Кәсіпорынның негізгі мақсаты аурулардың тірі кезіндегі диагностикасын жақсарту, өлім себептерін нақтылау, өлім себептерінің мемлекеттік статистикасының шынайы деректерін қамтамасыз ету арқылы халыққа емдеу-профилактикалық көмек көрсетуді одан әрі жетілдіру, емдеуші дәрігерлердің біліктілігін арттыру және диагностика мен емдеу ақаулықтарын талдауды жүзеге асыру болып табылады.

3.3 Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) макро- және микроскоптық, қажет жағдайда – бактериологиялық, вирусологиялық және биохимиялық зерттеулер жүргізу арқылы секциялық, операциялық және биопсиялық материалдар негізінде аурулардың диагностикасын нақтылау;

2) аутопсиялар деректері бойынша науқастар өлімінің себептері мен тетіктерін белгілеу;

3) клиникалық және патологиялық-анатомиялық деректер мен диагноздарды салыстыру арқылы емдеуші дәрігерлермен бірге диагностикалық және емдеу жұмыстарының сапасын талдау;

4) емдеу-профилактикалық мекемелерде клиникалық- патологиялық-анатомиялық конференцияларға дайындық жүргізу және оларды жүргізу;

5) денсаулық сақтау органдарын қайтадан анықталған жіті жұқпалы, оның ішінде аса қауіпті аурулар туралы белгіленген тәртіпте жедел хабардар ету;

6) Медициналық мекемелер мен жеке тұлғаларға ота және биопсия материалдарын гистологиялық зерттеу, санитарлық өңдеу және мүрдені аутопсия (патологиялық-анатомиялық ашып тексеру) жасағаннан соң туыстарына беру үшін бальзамдау қызметін ақылы түрде көрсету;

7) облыстың патологоанатомиялық қызметінің бөлімшелеріне ұйымдастыру-әдістемелік және консультативтік көмек көрсету;

8) тиісті денсаулық сақтау органы үшін патологоанатомиялық қызметті жетілдіру, патологоанатом дәрігерлер мен лаборанттардың кәсіби деңгейін арттыру туралы ұсыныстар әзірлеу;

9) облыстың патологоанатомиялық қызметінің медициналық кадрларға, жабдықтар мен реактивтерге қажеттілігін зерделеу;

10) озық тәжірибелі жұмыстарды жалпылау және тарату;

11) сынаулар жүргізу және патологоанатомиялық зерттеудің заманауи әдістерін енгізу;

12) патологоанатомдардың кеңестері мен конференцияларын дайындау мен өткізу;

13) дәрігерлердің білімдерін жетілдіру институттарының кафедраларында дәрігер патологоанатомдардың біліктілігін жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз ету;

14) тиісті денсаулық сақтау органдары үшін халыққа медициналық көмек көрсетуді жетілдіру және ЕПМ практикалық дәрігерлерінің, Батыс Қазақстан облысының дәрігер патологоанатомдарының, гистологлаборанттарының кәсіби деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу

15) орталықтандырылған патоморфологиялық (гистологиялық) зертханада қала мен облыстың барлық медициналық ұйымдарына биопсия және ота материалдарының гистологиялық диагностикасы;

16) кәсіпорын базасында морфологиялық диагностиканың күрделі жағдайларын қарау үшін сарапшылық комиссия құру;

17) басқа емдеу ұйымдардан түскен биопсия және аутопсия материалдарын зерттеу бойынша шыны препараттарын консультативті қарауды жүргізу.

3.4 Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

3.5 Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

4.1 Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

11) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4.2 Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5 - бөлімінде көзделген жағдайларда бакылау кеңесі болып табылады.

4.3 Уәкілетті орган Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

4.4 Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

4.5 Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және онын мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын колданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық

маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

кәсіпорында жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға.

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

4.6 Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

5.1 Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті салаңыз уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) ұсыныстар енгізеді;

5) кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратының) ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

5.2 Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

5.3 Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының), байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

5.4 Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

5.5 Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

5.6 Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

6.1 Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

6.2 Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

6.3. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

6.4 Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

6.5 Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

6.6 Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

6.7 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

6.8 Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

6.9 Кәсіпорынның мүлкіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 – баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

6.10 Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ак дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

6.11 Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6.12 Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (жергілікті атқарушы орган) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 6.10 және 6.11 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

7.1 Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

7.2 Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

7.3 Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

7.4 Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ак бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

8.1 Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 39 719 713,67 (отыз тоғыз миллион жеті жүз он тоғыз мың жеті жүз он үш 67 тиын) теңгені құрайды.

Жарғылық капитал Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу сәтіне меншік иесімен (құрылтайшымен) толығымен қалыптасуы тиіс.

8.2 Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін алынған мүліктен қалыптасады.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

9.1 Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

9.2 Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9.3 Байқау кенесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы орган) бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

10.1 Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

10.2 Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

11.1 Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын уәкілетті органы белгілейді.

11.2 Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) дербес айқындайды.

11.3 Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін уәкілетті органы белгілейді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

12.1 Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

12.2 Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

13.1 Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүргізіледі.

13.2 Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

13.3 Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкіне, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты несиелендіру, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

14.1 Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы органдар енгізе алмай, немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландыратын; облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.

Директор

И.А.Балашов

SECRETARIA DE TELECOMUNICACIONES
C.R.T. 1000

1000

